



OZEN

№9 (79) ҚЫРКҮЙЕК 2022 жыл

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

ҚҰРМЕТТІ ұстаздар, оқушылар, ата-аналар!

Жаңа оқу жылының басталуымен, жарқын да қуанышты, айтулы мереке – Білім күнімен құттықтаймын! Мектеп табалдырығын аттаған кішкентайлардың талаптары оң болсын. Білім күні – жаңалықтар мен ізденістердің, идеялардың бастауы. Ел дамуына үлес қосатын саналы ұрпақтың зердесіне білім мен тәрбие нәрін сіңіру – уақыт талабы. «Өзенмұнайгаз» АҚ білім мен ғылым саласына үнемі зор үлес қосып келеді және әлі де жасайтын істері жетерлік. Қаламыздың білім ордаларын күрделі жөндеуден өткізу, құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, спорттық, мәдени іс-шараларға демеушілік көрсету секілді жұмыстарға атсалысады. 2021 жылы компания алғаш рет жаратылыстану пәндері бойынша олимпиада ұйымдастырды. 1000-ға жуық мектеп оқушысы білім сынағына қатысып, үздік нәтиже көрсеткен 30 мықты бағалы сыйлықпен марапатталды. Біз ертеңіміз білім мен ғылымға байланысты екеніне сенеміз және осы салаға үлкен мән береміз. Баршаңызға жетістіктер мен ашылуларға ізденіс, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеймін!

Құрметті әріптестер!

Баршамызға Мұнайшылар күні мерекесі құтты болсын! Мұнай мен газ – табиғат ананың дархан даламызға берген сүбелі сыйы. Кен байлығымыз арқылы тәуелсіздік алған алғашқы жылдары еңсемізді тіктеп, әлеуметтік саламызды күшейтіп, әл-ауқатымызды арттыруға қол жеткіздік.

Мұнай секторынан жіберілетін түсімдерден ұлттық қор толығып, бұл саладағы несібені мұнайшылар ғана емес, тұтас ел болып көріп, өңір экономикасына ырзық болып құйылуда.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйекте жасаған Жолдауында ұлттық байлықты пайдаланудан толығып отырған ұлттық қорымыз халық игілігіне қызмет ететін қор болатынын, әрбір отбасы қайтарым көретінін мәлім етті. 2024 жылдан бастап қор қаржысынан кәметке толмаған балалардың шотына жыл сайын ақша аударылатын бағдарлама іске қосылмақ. Жиналған қаражат өскелең ұрпақтың білім алуына, баспаналы болуына мүмкіндік жасайды. Бүтін бір елдің берекесін ұйытқан осынау салада «қара алтынды» қауғамен тартып, түйемен тасыған алғашқылар мен аға буын дәстүрін жалғастырып келе жатқан мұнайшылар қауымының еңбегі зор. Сіздердің ауа-райының қай мінезіне де қарамастан жасап жатқан еңбектеріңіз бағалы. Төккен теріміз туған елімізді түрлендіруге жарасын!

Құрметпен, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Мақсат Ибағаров



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Компания қызметкерлерінің өз міндеттеріне салғырт қарауын болдырмау мақсатында Қауіпсіздік департаментінің «сенім телефоны» жұмыс істейтінін хабарлайды. Қызметкерлер сенім телефонына жұмыс бабында орын алған құқық бұзушылық немесе келеңсіз жағдайдың алдын алу, қитұрқы әрекетті болдырмауға ықпал ететін өзге де маңызды ақпаратты хабарлай алатындығын қаперіңізге береміз.

Хабарлаушы азамат есімінің құпия сақталуына кепілдік беріледі.
Қауіпсіздік департаментінің сенім телефоны: +7 (72934) 65-1-54.
Электронды поштасы: doverie@umg.kmgerp.kz



ТАМЫЗ АЙЫНДАҒЫ
МҰНАЙ ӨНДІРУ ЖОСПАРЫНЫҢ
ОРЫНДАЛУ КӨРСЕТКІШІ
90,12%





Жазғы демалыста Қазақстанның үздік инновациялық мектебінде математика, сын және ойлау кеңістігі бойынша өткен тестке қаламыздан қатысқан 858 үміткер ішінен 50 оқушы оза шауып, «IQanat High School of Burabay» мектеп-пансионатында білім алу мүмкіндігіне ие болды.

Күш — білімде



Жаңаөзен қаласының білім деңгейін көтеруге бағытталған «Жарқын болашақ» жобасы «Өзенмұнайгаз» АҚ бастамасының, Қазақстан үкіметі, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту Қорының қолдауы арқасында іске асырылды.

«IQanat High School of Burabay» мек-

теп-пансионатында 1 қыркүйек Білім күніне орай ұйымдастырылған «Алғашқы қоңырау» салтанатты шарасына бас директордың жұртшылықпен және мердігер ұйымдармен байланыс жөніндегі орынбасары Бауыржан Мәмбетсапаев пен жұртшылық және мемлекеттік органдармен байланыс бөлімі басшысы Әділ Сүйебай қатысып, жаңаөзендік ұлдарға қолдау

көрсетіп, құттықтау сөз сөйлеп, заманауи мектеп-пансионаттың тыныс-тіршілігімен танысты.

— Қазақтың жақсы мінезі-білімге құштарлығы. Бүгінгі күні елімізде әлемдік тәжірибеге сай білім беруді дамытып, дүниежүзілік стандарттарға сәйкестендіру маңызды мәселе болып отыр. Білімді жастан еңбек нарығында сұранысқа ие,

бәсекеге қабілетті азамат шығатыны сөзсіз. Бұл өз кезегінде үлкен проблемаға айналған жұмыссыздық мәселесінің шешілуіне өз әсерін тигізетін болады,— деді Бауыржан Мәмбетсапаев.

Сең қозғалды. Озық мектепте білім алып жатқан талабы таудай, арманы асқақ, ғылымға құштар 50 жаңаөзендік өскелең жасқа сәттілік тілейміз.



Жастар Жолдауды талқылады

Компания мәжіліс залында «Риза ана» қоғамдық қоры ұйымдастыруымен компанияға қарасты 4 басқармадан келген 4 команда арасында пікірталас өтіп, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 1 қыркүйектегі Жолдауы талқыланды. Пікірталас өтуіне қор басшысы, қоғам белсендісі Бибігүл Рамазан да атсалысты. Екі адамнан құралған 2 топ Жолдаудың артықшылықтарын айтса, қалған 2 топ өздері назарға алыну керек деп санайтын

тақырыптарды қаузап, сөз таластырды.

Шара мақсаты — компания еңбек ұжымы арасында креатив ойы бар жас мамандардың қоғамдағы өзекті мәселелер туралы пікірін білу, оларды тың ойлауға, өзіндік ой-пайымын жеткізуге бейімдеу.

Жақтаушы топ утиль алым, шетелдік көліктерді тіркеу, ауруханаларды модернизациялау, бала күтімі бойынша берілетін төлемақыны 1,5 жасқа дейін ұзарту, 18 жасқа дейінгі балалар шотына Ұлттық қордан

қаражат аударылуы Жолдаудың ұтымды тұстары десе, оппозиция тобынан Айжарық Шабықов Маңғыстауда өзекті мәселеге айналып отырған ауыл шаруашылығын тілге тиек етті.

Жастар әйелдердің зейнет жасын 58 жасқа қысқартса, жұмыссыз жастарға жұмыс табылар еді деген тоқтамға келді. Шара соңында белсенділік танытқан жастарға мақтау қағазы мен сыйлық табысталды.

Өзенмұнайгаздықтар САУАЛНАМАҒА ҚАТЫСТЫ

«Caspian Today» ақпараттық агенттігі Маңғыстау өңіріндегі әлеуметтік-еңбек даулары мен кикілжіңдердің пайда болу себептерін зерттеу жобасы аясында компания жұмысшылары арасында сауалнама жүргізді.

«Шараның мақсаты еңбек мәселелерінің негізгі және қосалқы себептерін анықтау, сонымен қатар оларды шешуге ұсыныстар жасақтау»,— дейді ұйымдастырушылар.

Анонимді сауалнамада жұмысшыларға мұнайгаз өндіріс мекемелерінің еңбек ұжымдарындағы қарым-қатынас, жұмысшылардың тұрмысы мен еңбек жағдайының мәселелері бойынша сұрақтар қойылды.

Жазбаша және электронды түрде жасақталған сауалдарға компанияның 400-дей мұнайшысы жауап берді.

— 2023 жылдың ақпан, наурыз айларында талданған сауалнама жауаптары бойынша конференция өткізіліп, еңбек мәселелерін шешу бойынша ұсыныстар айтылады, — деді «Caspian Today» ақпараттық агенттігі аға талдаушысы Эмилия Мүбарак.



МЕКЕМЕМ-МАҚТАНЫШЫМ

Ел үшін еңбек ткендер



ХЖЭБ – 2003 жылы құрылып, Өзен кен орнындағы химиялық, экологиялық мәселелерді реттеп отырған мекеме. Басқарма қарамағындағы 6 цехта 270 адам еңбек етеді. Олар 6 бағытта жұмыс істеп, кәсіпорын күнделікті өндіріп жатқан мұнайдың құрамы мен құрылымын бақылап, тексереді.

-Бір цех ұңғыларды химиялық ерітінділермен өңдейтін болса, екіншісі коллектор бойында қатып қалған тұздарға, тотығуға қарсы айдайтын химиялармен айналысады. Сондай-ақ топырақтан мұнайды айыратын цехымыз да бар, – дейді басқарма бас инженері Бақытбек Мергенбаев.

Мекемедегі экология мәселелерімен айналысатын цех та өз алдына бір үлкен міндетті атқарып отыр. Цехқа қарасты екі полигон бар. №4 МГӨБ-тен шыққан радиациялық темір-терсектерді біреуінде – уақытша, екіншісінде тазартуға келмейтін бөлшектер арнайы контейнерге салынып, сақталады. Мамандар бірінші полигондағы радиоактивті темірлердегі топырақпен аралас майды ерітіп, өңдеп, арнайы цехқа жібереді.

Ауа, су, газ құрамын тексеретін лаборатория да осы басқармаға қарайды. Сонымен қатар 61 арнайы техникадан тұратын автотөзім бар. Қалған 5 цех осы және №2, №5 СҚКБ-дан тартылған техникамен жұмыс істейді.

Жалпы айтқанда басқарманың компания дамуында алар орны – маңызды. Мекеме жұмысшыларының барлығы – өз ісінің шебері. Еңбек ұжымына алғыс айта отырып, ел игілігі үшін атқарып жүрген қызметіне сәттілік тілейміз.



КОМПАНИЯ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Үздіктер марапатталды

Компания акт залында «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауының марапаттау рәсімі өтті. Шараға бас директор Мақсат Ибағаров, бас директордың кадр және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Әлібек Данабаев қатысып, сайыстың екінші кезең жеңімпаздарына диплом, гүл шоқтары мен қаржылай сыйлық табыстады.

Алдағы уақытта Қызылорда қаласында өтетін кәсіби шеберлік сынға түсетін байқаудың үшінші кезеңіне жолдама алған жүлдегерлер компания намысын қорғайтын болады.

– Бүгін өз ісінің майталман мамандары марапатталып жатыр. Алда болатын, республика деңгейінде өтетін сайыста да топ жарып, 58 жылдық тарихы бар компания мерейін көтереді деген сенім мол. Сіздерге жеңіс пен сәттілік тілеймін, – деді бас директор.

Басқосуда «Кәсіби механик» модульдік оқыту бағдарламасы қатысушыларына арнайы тәсбелгі тағылды. Механик мамандар теория жүзінде алған білімін тәжірибеде қолдана отырып, кен орын жұмысына серпін береді.



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ алдын алу туралы семинар өтті

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Маңғыстау облысы бойынша департаменті сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында компания акт залында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңнамасының нормаларын түсіндіру тақырыбында семинар өткізді.

Басқосуға Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің Маңғыстау облысы бойынша превенция басқарма басшысының орынбасары Наурыз Борсанов, бас мамандар Нұргүл Мұқатай, Алтынбек Нариман, бас директордың орынбасары Мұхаметжан Төлөндіұлы, департаменттер директорлары және мердігер мекеме өкілдері қатысты.

Жиында жемқорлықтың алдын алу, жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері талқыланып, комплаенс институтының маңыздылығы туралы сөз болды.

Наурыз Борсанов аталған семинардың өзектілігіне, басшылар мен қарапайым жұмыскерлер арасындағы сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік және парасаттылық мәдениетті қалыптастыру бағытында жасалатын жұмыстар жайына тоқталып өтті.

Өзенмұнайгаздық экологтар сенбілікке қатысты

«Дүниежүзілік тазалық күні» экологиялық жобасы аясында Маңғыстауда мың жарымға жуық адам қатысқан тазалық акциясы өтті.

2008 жылы Эстониядан бастау алған сенбілікке 50 000-нан астам еріктілер қатысып, 5 сағат ішінде 10 000 тоннаға жуық қоқыс жинады.

Аталған шараның мақсаты – әрбір тұрғынды тазалық сақтауға, тәртіпке шақыру болып табылады.

Маңызды шарадан тыс қалмаған өзенмұнайгаздық экологтар сенбілікке 8 тонналық ауыр жүк мәшинесімен барып, қоқыс тазалау, абаттандыру жұмысына серпін берді.

– Сенбілік бізді достастырды. «Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара» отырып, бір үйдің баласындай тізе бүкпестен жұмыс істедік. Табиғат – біздің ортақ үйіміз. Ендеше, үйімізді ластамай таза ұстау – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз, – деді компанияның қоршаған ортаны қорғау және радиация қауіпсіздігі департаментінің аға инженері Ақмұрат Шерниязұлы.



ЗАМАНДАС БЕЙНЕСІ



Зәуреш ШЕКЕНОВА ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫР

КОМПАНИЯМЫЗДА ОНДАҒАН ЖЫЛДАН БЕРІ ЕҢБЕК ЕТІП, МҰНАЙ ӨНДІРУДЕ АЯНБАЙ ТЕР ТӨГІП ЖҮРГЕН МАЙТАЛМАН МАМАНДАР ЖЕТЕРЛІК. СОЛАРДЫҢ БІРІ – ЗӘУРЕШ ШЕКЕНОВА.

31 ЖЫЛДЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ БАР БІЛІКТІ МАМАН – КОМПАНИЯДА БЕДЕЛДІ, ҰЖЫМДА СЫЙЛЫ ЖАН.

Жергілікті орта мектепті бітіріп, 1986 жылы Алматы қаласындағы Қазақ политехникалық институтына геология мамандығы бойынша түсіп, 1991 жылы диплом алады. Зәуреш Сақтағанқызы өзінің Қазақстан тарихы үшін маңызды жылда оқуға түсіп, тәуелсіздік алған айтулы уақытта институт тәмамдағанын өмір жолындағы тамаша сәйкестік деп есептейді.

1991 жылы еңбек жолын Өзен кен орнының 8,9-шоғырланған сораптар стансысында техникалық қондырғылар операторы қызметінен бастайды. Жұмыста алғырлығының арқасында, бір жылдан соң №1 МГӨБ-ке инженер-геолог лауазымына тағайындалады. Одан кейін жетекші инженер, материалды-техникалық жабдықтау бөлімі бастығы қызметтерін абыроймен атқарып, әріптестер құрметіне бөленеді.

Ол 2010 жылы Астана қаласында «ҚазМұнайГаз» барлау өндіру» АҚ инженер, аға инженер болып жұмыс істеді. 2012 жылы компания шақыртуымен бөлім бастығы, содан соң бірқатар департаментте директордың орынбасары болып қызмет етті. 2018 жылы ӨТҚЖЖБ мекемесінің басшысы, содан соң қор талдау департаментінің директоры лауазымына тағайындалды. Қазіргі таңда Зәуреш Сақтағанқызы – маркетинг және сату бөлімінің бастығы. Қарамағындағы үш қызметкермен экспортқа шығарылып, нарықта сатылып жатқан мұнайға мониторинг жасаумен айналысады.

Кейіпкеріміз тағдырына риза. Еңбек жолында әртүрлі қызметте жүріп, сан түрлі басшымен жұмыс істесе, олардан үйренгенім көп дейді. Геология саласына Олег Герштанскийдің қолдауымен келсе, №3 қабат қысымын сақтау цехында инженер-геолог қызметінде жүргенде Есен Өтеев басшылық еткен. Сондай-ақ Орынбек Әбішаев, Көмекбай Жаңбырбаевтың қарамағында жұмыс істеген Зәуреш Шекенованың еңбек өтілін жетілдіруге бұл азаматтар зор ықпалын тигізген көрінеді.

Күшқуат Таласбаевтың басшылығы тұсында салынған Кендірлі демалыс аймағының ашылуына Зәуреш Сақтағанқызы жетекшілік еткен материалды-техникалық жабдықтау департаменті қызметкерлерінің еңбегі сіңген. Осы басшылықпен қоян-қолтық жұмыс істеген кез де Зәуреш Шекенованың тәжірибесін одан әрмен толықтырды.

– Бір басшыдан қиындыққа төтеп беруді үйренсем, біреуінен көріп, жақсылық жасауға бейімделдім. Әрқайсысынан әр қасиетті үйреніп, қазіргі дәрежеге жетіп отырмын. Қазір жас буын арасында менің өзімнен үлгі алатын-

дар көп. Кейде келіп рахметін айтып жатады. Мен жұмыста бірінші орынға адамгершілікті қоямын. Қай ұжымда болмасын, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге кішіпейілдік танытып, әріптестер бір-бірін сыйласа, жұмыс өрлей бермек, – дейді ол.

Мұнай саласында қызмет бастаған әкесі мен анасынан еңбекқорлықты көріп өскен, Зәуреш Шекенова – өжет, талапшыл маман. Ол әр адам – өз бақытының себепшісі деп есептейді. Өмірдегі түрлі негативтерді жүрекке қатты қабылдамай, өз-өзімен үздіксіз жұмыс істеу – бар бақыттың бастауы екенін жасырмайды.

Көреген жан ұлықты ұл, қылықты қыз тәрбиелеп, отбасының берекесі болып отыр. Ол балаларына қазақтың біртуары Димаш Құдайбергеновты үлгі қылып, сол секілді жүрегі қазақ деп соғатын патриот әрі өз ісінің

шебері болғанын қалайды.

Зәуреш Сақтағанқызы сынды адал да ақкөңіл, білікті де білімді мамандар тұрғанда компаниямыз алға баса бермек. Адамгершілік, көңіл деген құндылықтар бағаланған жерде, басқаның бәрі түк еместей көрінеді. Осылайша ақ пейілмен, шат көңілмен асқан ауызбіршілікте жұмыс істейтін ұжымда алдында алынбас асу жоқ десек болады.





№2 СҚКБ күретаыры саналатын пайдалану бөлімінің қарамағында 274 арнайы техниканы қамтитын 4 автотізбек бар. Бөлім кәсіпорынның өндіріс филиалдарына қызмет етіп, мұнай игеруге белсене атсалысып келеді.

БАСҚАРМА ӨЗЕГІ



Бөлімге қарасты 1-автотізбектегі жылжымалы бу қазандары ұңғыларды булаумен айналысса, АДПМ автокөлігі жер астына таза су айдайды. Ал СД 9/101 ұңғыларға ауа үрлеумен айналысса, таза су таситын автокөліктер №2 және №4 МГӨБ асханалары мен тұрмыстық-шаруашылық кешендерін сумен қамтамасыз етіп отыр.

2-автотізбектегі СИН 35 техникасы да №2, №4 МГӨБ-ке қызмет көрсетеді. Арнайы техника ұңғыларға ыстық су айдап, өңдейді және тұншықтырады. Ал арнайы жөндеу көлігі мен дәнекерлеуге қажетті автоцистернасы 3-автотізбекке қарайды.

– 4-автотізбекте логлифт, АРОК, борттық КамАЗ автокөліктері бар. Логлифт-кранның жеңіл түрі болса, АРОК техникасы 4 МГӨБ тербелмелі станогын жөндеумен айналысады. Кәсіпорынның дәнекерлеуге керек барлық пропан, оттегі баллондары борттық КамАЗ-бен тасымалданады. Тізбектегі 13 АСР техникасы құбыр ауыстыру, дәнекерлеуге көмектеседі, – дейді бөлім бастығы Наурыз Нұрбаев.

Қазіргі таңда 4 автотізбекке басшылық ететін пайдалану бөлімінде 497 адам еңбек етуде. Әр техникаға 2 жүргізушіден бекітілген. Олардың ішінде көлік жүргізіп қана қоймай, техника негіздемесіне сай қызмет көрсететін моторшы мамандар да бар.

Бөлім күнделікті және апта сайын келіп түскен тапсырыстар бойынша жұмыс істейді. Бүгінде автотізбектер белгіленген межеден артығымен жұмыс атқарып жүр. Мысалы, бөлімге күн сайын 164 тапсырысты қанағаттандыру қажет болса, олар көрсеткішті 170-тің үстінде орындап жүр. Бірақ қыстың кезінде тапсырыс көбейетін көрінеді. Жұмысшылардың айтуынша, ауа райы суық күні ұңғыларға мұз қатуы жиі орын алады.

Десе де бұл келеңсіздіктер пайдалану бөлімінің жұмысына еш кедергі емес. Талай жылғы тәжірибені арқалаған білікті мамандар өндірістің қыр-сырына әбден қанық. Жағдайға байланысты жұмыс жасап үйренген майталман мамандар кез-келген жағдайдан оңай шығып кетеді. Компаниямыздың өркендеуіне үлес қосып жүрген кәсіби мамандарымызға өндірісте тек сәттілік тілейміз!



№5 СҚКБ темір тұлпарлары — сақадай сай

№5 СҚКБ 5 автотізбегінде әртүрлі 241 техника бар. Осы автокөліктердің арқасында 570-ке жуық адам жұмыспен қамтылып отыр. Әр техникаға 2-3 жүргізушіден бекітілген. Ауыз су тасумен айналысатын көліктердің жүргізушілері ғана ауысымсыз, бес күндік жұмыс істейді.



№1 автотізбек жұмысшылары 44 дана СИН 35 цементтеу агрегат техникасымен қызмет көрсетеді. №2 автотізбектегі 56 дана АЦН автокөлік жүргізушілері МГӨБ-терге ащы су тасумен айналысады. 31 дана құбыр тасығыш пен дәнекерлеу жұмысын істейтін 28 дана АСР-АНР техникасы – 3-автотізбектің қарамағында. 21 дана жерасты өлшейтін СГИ көлігі, жартылай тіркеме мен ауыз су таситын техникалармен №4 автотізбектің жұмысшылары қызмет көрсетеді. №5 тізбек жүргізушілері көп жағдайда ХжЭБ-мен жұмыс істейді. Мұндағы 38 автокөлік химреагент тасумен айналысады.



– Қазіргі таңда басқармадағы техникалар 70%-ға жаңарған. Жақында 4 автокөлікпен толықты. Алдағы уақытта тағы бірқатар техника келуі керек. Басқарма техникалары келіп түскен тапсырыстар негізінде қызмет етеді. Сұраныс көбінесе №4 МГӨБ пен ХжЭБ-ден болғандықтан, осы мекемелермен үздіксіз, қоян-қолтық жұмыс жасаудамыз, – дейді басқарма директоры Жәнібек Әзбергенов.

Осы техникалардың арқасында мекеме жұмысшылары белгіленген жоспарды 100%-ға орындап отыр. Бұдан бөлек, қосымша тапсырыстар да қанағаттандырылып жүр. Басқарманың ауыз су таситын көліктері кесте бойынша Бекет ата мен Шопан атаға жолданып тұрады.



ХАДИША ТҰРАЛЫ ЭПСАНА



Хадиша Досмұханова – Доссор жерінен шыққан, халыққа танымал мұнайшы Досмұхан атаның ұрпағы. Ағылшындар Новобогат жерінен алғаш рет



мұнай игере бастағанда Досмұхан ата соларға жалданып, жұмыс істеген көрінеді. Хадиша апа 1948 жылы Новобогат ауданына қарасты барлаушылар ауылында дүниеге келеді. Екіге толартолмас шағында әкесі Ерғазы о дүниелік болады. Асқар тау әкесінің жадында қалмағаны Хадиша апаның жанына қаяу салады. Анасы Ханым Жанбайдың кете руынан тарайды. Жетпіске таяған шағында қайтыс болған ол қонақжай, жайлы жан болған екен. Үй шаруасына бейім анасының ермегі тоқыма тоқу болатын. Хадишаға қолғап, үлкендерге шөлі тоқып, арасында киіз де басатын өнерлі жан еді. Міне, осындай қарапайым, әрі еңбекқор ананың қызы Хадиша көмелет жасына толғаннан соң тұрақты жұмыс іздей бастайды. Есенғазы ақсақалдан жеті бала тараған. Алайда, Алланың жазуымен бес баласы жастай шетінеп, ағасы Құмарғали мен Хадиша ғана аман-есен қалады.

Досмұхан атаның баласы Есенғазы жұмыс бабымен 1939 жылы Мақат деген жерге көшіп барады. Сол жерде бірнеше жыл механик болып қызмет етеді. Денсаулығы нашарлап, қайтыс болады.

Көп ұзамай ағасы Құмарғалидың шақыртуымен Хадиша анасы екеуі Маңғыстауға көшіп келеді. Бұл – 1955 жыл болатын. Ол уақытта Хадиша мектеп табалдырығында оқып жүрген кезі. Осындағы бірнеше отбасымен бірге бұлар да Фортқа табан тірейді. Осы сапарда олар жолдың тауқыметін әбден тартады. Түбіжік аталып кеткен ауылда білімін жалғастырмақ ниетте болады. Алайда, алғаш рет орысша сауат ашып, хат таныған Хадишаға

қазақ тілінде қалам ұстау бастапқыда қиынға соғады. Жеті жылдық мектептің екі жылын ғана оқып, Жетібай ауылындағы мектепке төртінші сыныпқа қабылданады. Хадиша аяқ басқан ауылда күнделікті тұтынатын су – басты мәселенің бірі еді. Сабақ біте салысымен, екі шелегін алып, су толтыруға шығады. Тамшылап аққан сумен екі шелегін толтырам дегенше күннің жартысы да өте шығатын. Сонда да алған бетінен қайтпай, үйіне таза су әкелуді күнделікті әдетіне айналдырып алады.

Хадишаның ағасы барлаушы болатын. Барлаушылардың тұрақты жұмыс орны болмайды. Қай жерде мұнай өңдеу керек болса, сол жаққа шақырту алып, кете баратын-ды. Дәл осындай сәттерде Құмарғали қарындасының оқуын ойлап, іштей қамығатын. Асқар тау әкесінің жоқтығын білдірмеген ағасы бірнеше мектепті ауыстырған Хадишаның болашағы үшін қатты алаңдайтын еді. Өзімен

бірге еңбек ететін Ғаріп деген аға Хадишаны үйіне тұрғызып, алаңдамай білім алуына жағдай жасайды. Хадиша үшін бұл – күтпеген қамқорлық болғаны жасырын емес.

Қаршадай қыздың отбасы көп ұзамай Ералыға қоныс тебеді. Мұнда ол сегізінші сыныпқа аяқ басқан еді. Осылайша, қиындығы мен қызығы мол мектеп қабырғасынан 1966 жылы түлеп ұшады. Түрлі қиындықты басынан өткеріп, мектепті аяқтаған қызды алда жұмбаққа толы сан қилы жолдар күтіп тұрған болатын.

Хадиша оқуын жалғастыруды іштей құп көргенімен, барлаушылар кентіндегі сол уақыттағы ахуал оны еңбек жолына аралауына мәжбүр етті. Анасының ақ батасын алып, өзі Өзенге бет алады. Анасы Ералы аумағында ағасының қолында қала береді.

Хадиша Досмұханованың еңбек жолы 1966 жылдан бастау алады. Мұнай-газ өндіру мекемесіне 2 дәрежелі оператордың көмекшісі ретінде жұмысқа орналасады. Осы мекемеде 1996 жылға дейін тынбай еңбек етеді. Артынша, көп ұзамай «Теңге» бірлескен кәсіпорнында аға оператор қызметіне ауысады. Қазіргідей автоматтандырылған кезең емес. Ол уақытта мұнайды механикаландыру әдісімен өңдейтін. Ауылдан шыққан сары ауыз балапан Хадишаға басшылық тарапынан Алматыға оқуға түсуге ұсыныс түседі. Алайда жастайынан қиындықтың дәмін көрген қыз үшін өз ауылынан жыраққа шығу – өзге елге кетумен тең деп есептейтін. Сонымен 1967 жылы №1 кәсіпшілікте мұнай сапасын өлшеуші ретінде жұмысқа қабылданады. Қызметке деген адалдығы мен еңбекқорлығының арқасында мұнай өндіру саласында бірнеше шаруаның басын үйіріп өкетті. Заты әйел болса да, нәзік қолдарымен ауыр техникаларға жан бітіргендердің арасында – Хадиша да бар еді. Мұнайды өңдеу барысында түрлі қиындық та орын алды. Мәселен, 3 градус аязда мұнай қатып қалады. Сондай жағдайда мұнайды қатырмас үшін барлаушылар мен өндірушілер құрамы техниканың көмегімен түрлі әдіс-тәсілдерді қолданатын. Анасының ақ сүтімен бойына дарыған еңбекқорлығы мен шыдамдылық қасиетімен Хадиша ұжымға сыйлы жұмысшының бірі әрі бірегейі болды. Себебі ол қызметіне жан-тәнімен кірісетін.



– «Игерген әрбір саланың қиындығы мен қызығы қатар жүреді. Адал еңбегімнің арқасында бүгін осы күнге жетіп отырмын. Алла бейнетімнің зейнетін көруге жазыпты. Мен үшін елдің қошеметі мен ыстық-ықыласынан артық мәртебе жоқ», – дейді Хадиша Есенғазықызы.

Кейіпкеріміздің мұнайлы мекен Маңғыстаудағы еңбегі еленіп, бірнеше жетістікке қол жеткізді. Қажырлы еңбегі бағаланып, I, III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен марапатталды. Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері атағы берілді. Сонымен қатар Жаңаөзен қаласының Құрметті азаматы атағын да иемденді. Хадиша Досмұханова осындай сый-құрметке еңбекке деген адалдығының, кәсібіне деген сүйіспеншілігінің, іскерлігінің арқасында қол жеткізді. Қазақтан шыққан қаршадай қыз қиыншылығы басым мұнай саласын игеруде табанды еңбек етіп қана қоймай, өзінің көркем іс-әрекетімен кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге көрсете білді. Хадиша апаның жұбайы Мирон Гелдиев те мұнай саласында бірнеше жыл абыройлы еңбек еткен мұнайшы. Екеуі бірнеше бала тәрбиелеп, аяқтандырды. Бүгінде немере, жиен сүйіп отырған Хадиша апа – өз ортасына сыйлы ақ жаулықты ана, қамқор әже. Хадиша Досмұхановаға зор денсаулық, отбасына береке тілейміз!



МҰНАЙШЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

[әңгіме]

КҮЛІМХАН

Күлімхан бір үйдің жалғыз еді. Әке-шешесі қарапайым тірлік кешті. Мектепті жақсы оқыды. Елдің баласы шабылып ел асып, жер асып оқуға кетіп жатқанда Күлімхан тымпиып облыс орталығындағы бухгалтер оқуын бітіріп ала қойды. Мектеп директоры жұмысқа шақырғасын ойланбастан уәдесін берді. Бірқалыпты өмірді жақсы көретін, көпшіл емес Күлімханға өзінің жұмысы мәп еді. Екінші қабаттағы түпкі кішкентай кабинетте отырып, өзінің ісін үндемей, тап-тұйнақтай етіп орындап отыра беретін. Қақсоқпен жұмысы жоқ, басы артық сұрақ қоймайтын қыздың жұмыста бар-жоғы білінбейтін еді. Күндер көшіп, жылдар жылжи берді. Үстіне не кисе де, қағып киетін әдеті бар Күлімханды әріптестері сыртынан сөз қылып, «пішту» деп ернін шығарып жүрді. Кірпияз жанның кейбір қылығы өзгелердің жүйкесіне тиетін-ді...

Сөйтіп жүргенде өмір-бақи ортаңқол тіршілік кешкен әке мен шеше бір-бірімен уағдаласып қойғандай бірінен соң бірі о дүниеге аттанып кете барды.

Қу тізесін құшақтап жалғыз қалған Күлімханға ел жабылып бай іздеуге кірісіп кетті.

– Еркек мінсіз қатын іздемейді. Ол көңіліне жаққанды алады, қатынның қисық-қыңырлығына қарамайды, – деп соқты көрші ауылдан келген жақын жеңгесі.

Өзінің де келісіп жүрген шамалы. Неше жылдан бері маскүнем байымен алысып келеді. Өзінің бақытсыз екенін жасырғысы келгендей күле беретін жеңгесі мақтауын асырып бір жігітті үйіне ертіп келгенде Күлімханның көңілі алабұртып, жүрегі атқақтап кетті. Екеуінің сөзі жараспады. Содан ол құмға сіңген судай жоғалып кетті.

Жұмыста қасындағы адамдар біресе картамен, біресе шай самасымен бал ашып мазасын ала бергесін өзін сүтке тиген күшіктей сезінді. Өзгеріс атаулыны өте ауыр қабылдайтын Күлімхан бірнеше жылдан бері тапжылмай отырған орнынан кетіп, газетке хабарландыру берген жекеменшік мекемеге ауыспақшы болды. Сұрастыра келе, «бақсам, бақа емес» демекші, мекеменің беделінен гөрі, күмән мен күдігі көп болып шыққасын жылы орнын суытпай отыра бергенді жөн санады.

Бір күні кітапханашы Оңайкүл сүндет той, тілашар, шілдехана деп біраз заттың басын қосып, үйіне тойға шақырды. Жұмыста Оңайкүл туралы: – Құдай сақтасын алған қарызын өмірі қайтармайды, үйі мүмкін емес, тарақандар, шыбындар деген сол үйдің тұрақты тұрғындары десе де болғандай, өмірі ақшаға жарымай жүреді, деген неше түрлі сөз естіп, тіксініп қалған кірпияз жан ойланып қалды. Әйтсе де, қонаққа барып көңілін көтергісі келген ол жексенбі күні шаштаразға барып, шашын сәнденді.

Шаштараз қыздың шашы ұйпа-тұйпа, көзі ісіп кеткен...

– Бүгін келушілер қан кесімдей тыйыла қалған екен. Шашын алдыртуға бір адам келмеді, – деп бұрқылдап сөйлеп қояды.

Тойға адам көп келді. Ығы-жығы халық. Тойға келген қатындардың білегі білезіктен, саусақтары сақинадан көрінбейді. Шулаған балалардың дауысынан құлақ тұнады. Отыздың бел ортасына асқан Күлімхан өзін пайдасы жоқ, жеміс бермейтін ағаштай сезініп кетті.

Күтпеген жерден сылбыр жаңбыр басталды. Әкесінің «жазмыштан озмыш жоқ» деген жиі айтатын сөзі есіне түсті. Жауынның арты нәсерге айналды.

Тойдан ерте кетіп қалған Күлімхан жанына батқан жалғыздығымен оңаша қалды. Соңғы кезде үнсіздіктен қажып, ойдан жыңды болатын түрі бар.

Бөлмесінде шыбынның ызың естілердей тыныштық жайлаған. Сыртта қуаныштан өңі бал-бұл жанған, шар ұстап жүгіріп жүрген балаларға терезеден қарап тұрып, жылағысы келді...

Бибігүл Бөбекбай

Әдемі ертегі Немесе Кезе сағыныш

Рас па, жоқ әлде...

Бекер ме еді,

Бастайын әдемі бір ертегіні –

Жүр екем, балалық шақ мекенімде

Еркелеп Анашым екеуіңе.

Төрт көзіміз түгелдей, қасымызда

Асыр сап, ойнаймыз қыр басында...

Бәрі бар: қарнымыз тоқ, көйлегім көк,

Жанымда Әжем менен Аташым да,

Жүр екем,

Балалық шақ мекенімде...

Еркелеп Анашым екеуіңе.

Тоймаймыз ойынға төбелесіп,

Қаламыз кей-кезде ерегесіп,

Таласып асықтың сақасына

Қашамыз Атамның қамшысынан...

Рас па,

Жоқ, бәрі бекер ме еді,

Бәрі де болғандайы кешегіде...

Жүгіріп Жайықтың жағасында

Алысып-жұлысып арасында,

Мінгесіп атамның атанына,

Байқамай күннің де батқанын да

Үй-үйге осылай тарасамыз

Ұл-қызы, бәріміз араласып...

Жүр екем,

Балалық шақ мекенімде...

Еркелеп Анашым екеуіңе

Рас па,

Жоқ, бәрі бекер ме еді,

Айтайын әдемі бір,

Ертегіні.

Рәмила Гимранқызы,
№3 МГӨБ жұмыскері



МҰНАЙШЫ ХОБИИ

ҚҰТТЫҚТАУ



«ВОЛЕЙБОЛ — ӨМІРІМНІҢ БІР БӨЛШЕГІ»



«КМГ EP Catering» ЖШС №4 сервистік қызмет көрсету цехында слесарь болып жұмыс істейтін Нұрила Кенжеғалиева – білікті де білімді, тәжірибелі де еңбекқор маман. Ол волейболмен мектеп қабырғасынан бері шұғылданады. Еңбек жолы 2002 жылы басталған Нұрила серіктестік құрама командасында өнер көрсетіп, талай белесті бағындырып жүр. Сан мәрте «Үздік ойыншы» атанып, биіктен көрініп үлгерген спортшы «волейболды жаным сүйеді» дейді.

– Волейбол – өмірімнің бір бөлшегі. Үйдегі аналық, келіндік парызым, жұмыстағы кәсіби міндетімнен соң спортқа уақыт табуым осы волейболға деген құштарлығымнан шығар. Сүйікті ісіммен айналысқанда тынысым кеңейіп, көңілім жайланып қалады, – дейді Нұрила.

Спортта өз қалпын жоғалтпау үшін, кейіпкер командасындағы алты волейболшымен аптасына екі-үш рет стадионға барып, жаттығып тұрады. Нұриланьң жолдасы оның хоббиін қолдайды. Сол себепті болса керек, ол, тіпті, жүкті кезінде де волейболдан бас тартпапты.

Бүгінде Нұрила үш бала тәрбиелеп отырса, олардың үшеуі де спорттан құр алақан емес. Үлкен ұлы дзюдомен айналысса, қызы өзінің жолын қуып, волейболға қатысады. Кенже ұлы бокстан жаттығады екен.

Қазіргі таңда спортшы желтоқсан айында цехаралық және сервистік компаниялар арасында өтетін жарыстарға дайындалу үстінде. Спортты жанына серік қылған жігерлі жанға мол табыс тілейміз. Жеңісті күндер көп болсын, Нұрила қыз!

Оймақтай ой
Болғаннан –
қашпа,
болмағанға
асықпа.

Әлихан
Бөкейханов



ҮКІЛІ ҮМІТ

Талапты қыз — Нұржанат

№1 МГӨБ-ке қарасты №8 МГӨЦ-тің еңбек жөніндегі технигі Әсемгүл Ағысованың қызы Нұржанат Тойлық 4 жасынан бастап 4 жыл бойы үзбей көркем гимнастикамен шұғылданып жүр. Аз ғана уақыттың ішінде талапты қыз талай жарыстарға қатысып, қала намысын қорғап үлгерді.

Атап айтатын болсақ, Нұржанат – көркем гимнастикадан Халықаралық онлайн-чемпионаттың 3-орын, облыстық «Арманға бір қадам» ашық турнирінің 1-орын иегері, қалалық сайыстардың үш дүркін жеңімпазы. Оны жарысқа №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде Жәмилә Байғұлова дайындайды.


Жас спортшы – қазіргі таңда «Дарын» мектебінің 3-сынып оқушысы. Оқу үлгерімі де жақсы. Білім сайыстарынан да құр алақан емес. Жақында Әлихан Бөкейхан атындағы ұлттық білім додасының қалалық кезеңінде ағылшын пәні бойынша 1-орынды жеңіп алып, жақындарына қуаныш сыйлады.

Нұржанаттың әкесі Қыдырбай Изенов мұнай саласында жемісті еңбек етіп, ел ырысын еселеп жүрген азамат. Әке-шешесі қыздарының болашағынан зор үміт күтеді. Білімді әрі табанды балапан артылған сенімді ақтайтыны сөзсіз.



Қадірлі Рейіс Оразов,
Мадинай Сағдыбаев!


Мерейлі 60 жасыңыз құтты болсын! Өзен кен орны өркендеуі жолында талмай еңбек етіп жүрген Сіздерге басқарма басшылығы дән риза. Еңбек ұжымы Өздеріңізді іскер әрі майталман маман ретінде құрмет тұтып, ойы мен бойын түзейді. Өндірістің суығына төзіп,



ыстығына күйе біліп, ел игілігі үшін тер төгіп жүрген сіздерге зор денсаулық, баянды бақыт, ұзақ ғұмыр, еңбекте табыс мен өмірдің асқақ абыройын тілейміз! Шаңырағыңызда береке бірлік, ырыс-ынтымақ бола берсін! 100 жасап, сау-саламат жүргейсіз!

Аяулы Роза Түсебаева!

Мерейлі 55 жасыңыз құтты болсын! Сіз өз ісіңізге жан-тәніңізбен берілген білікті мамансыз! Табандылығыңыз бен еңбек-



қорлығыңыз кейінгі жас мамандарға үлгі-өнеге.

Қазаныңыз оттан түспесін. Төріңізден құт пен береке кетпесін. Ұрпағыңыз көп болсын, уайым-қайғыңыз жоқ болсын! Құтты болсын Сіздің туған күніңіз, Гүлдей жайнап, арамызда жүріңіз. Күн күлімдеп, жүзіңізде әрқашан, Құттықтаушы АЖТБ деп біліңіз!

Ізгі тілекпен, АЖТБ еңбек ұжымы



РУХАНИ АЗЫҚ

КІТАП адамды өзгертеді



Назарыңызға Баққожа Мұқайдың Совет Одағы кезіндегі қазақ рухының жанышталуы, құлдық сана туралы жазылған «Өмірзая» романын ұсынамыз.

Шығармада күрес жолындағы азаматтың барлығы шейіт болып, сұмбайылар мен опасыздар ғана қалады. Әйтсе де халық рухының өлмегені, жаңа ұрпақтың өсіп келе

жатқаны оймен аңдалып, көңілмен ұғылғандай. Жазушы бұл туындысы арқылы отарлық заманның бетпердесін шешіп, қара түнекке лағнет айтады.

Оқыңыз, өкінбейсіз!